

КМФ – Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасы –КМФ МҚҰ 4

Орналасқан жері:
Қазақстан

Жобаның нөмірі:
54283

Сала:
қаржылық ұйымдар

Мемлекеттік/жеке сектор:
жеке

Бекітілген күні:
26 сәуір 2023 жыл

Жай-күйі:
Пысықталу үстінде, түпкілікті қаралуы күтілуде

Жоба түйіндемесі ағылшын тілінде жарияланған күн:
17 наурыз 2023 жыл

Жобаның сипаттамасы

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасы аясында (Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасы, жобаның нөмірі 53696) КМФ микроқаржы ұйымына (бұдан әрі - КМФ МҚҰ) 35 млн АҚШ долл. дейін мөлшерде, 3 жылдық өтеу мерзімімен аға кредит бөлу. Қаржылық қаражат белгіленген талаптарға жауап беретін және әйелдер басқаратын Қазақстандық жеке микро-, шағын және орта кәсіпорындарды (МШОК) несиелендіруге жұмасалады.

Жобаның мақсаттары

Несие әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыруға және қаржыға қолжетімділікке көмектесуге, сонымен қатар әйелдер басқаратын МШОК-тарға консультациялар беру есебінен Қазақстанда «Бизнестегі әйелдер» күшті ШОК секторын дамыту арқылы әйелдердің кәсіпкерлікке қатысуын арттыруға бағытталған. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасы деңгейінде техникалық көмек ұсыну; және әйелдер басқаратын МШОК-тардың ноу-хауға, бизнесті дамыту құралдары мен желілік мүмкіндіктерге қолжетімділік алуына техникалық қолдау көрсету есебінен несие әйелдер басқаратын МШОК-тарға арналған несиелендірудің орнықты механизмдерін нығайтумен толықтырылатын болады.

Өтпелі процеске әсері

Өтпелі процеске күтілетін әсердің балмен бағалануы – 70 (негіздік механизм құрамында).

Жоба өтпелі кезеңнің *инклюзивтілік (бастапқы) және бәсекелестік (екіншілікті)* сияқты атрибуттарын қолдай отырып, КМФ-тың және Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасының мақсаттарына жетуге ықпал етеді. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасының жалпы мақсаты әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру және қолдау, сонымен қатар қаржыландыруға қолжетімділік алуда әйелдер кезігетін проблемаларды шешуде көмек көрсету болып табылады. Бұдан басқа, несиенің 10 пайызынан кем емесі әйелдер басқаратын, «жасыл» экономикаға өту (ЖЭӨ) критерийлеріне жауап беретін кәсіпорындарды құруға бағытталатын болады.

Клиент туралы ақпарат

«КМФ МҚҰ» ЖШҚ

«КМФ МҚҰ» ЖШҚ 2005 жылдан бері ЕҚДБ клиенті болып табылады, 2022 жылдың аяғындағы жағдай бойынша Қазақстандағы аса ірі жеке МҚҰ болып табылады, оның нарықтағы үлесінің мөлшері 23%, активтерінің жалпы көлемі 504 млн АҚШ доллары, өзіндік қаражатының жалпы көлемі 114 млн АҚШ доллары, белсенді клиенттерінің саны 250 мыңнан асады және 114 бөлімшесі мен кеңсесі бар (14 филиал және 100 қосымша кеңсе). КМФ-тың негізгі акционерлері төрт халықаралық және бір жергілікті қор, олар бірлесіп компания капиталының 93,8%-ы көлеміндегі акциялар топтамасына иелік етеді. Fitch рейтингтік агенттігі компанияға «тұрақты» болжамымен В+ деңгейіндегі рейтингті берді (26 мамыр 2022 жыл).

ЕҚДБ қаржыландыруы

35 млн АҚШ долл.

Жобаның жалпы құны

35 млн АҚШ долл.

Несие не АҚШ долларымен, не қазақстандық теңгемен берілетін болады.

Толықтырылуы

Қаржыландыру схемасы

i) ЕҚДБ қаржыландыру қаражатын ұлттық валютада, кредиттік нарықта алуға қиын шарттармен ұсынады.

ii) ЕҚДБ клиентке кредиттік қаражатты өтеудің ол кредиттік нарықта қисынды шарттармен ала алатын мерзімнен анағұрлым ұзағырақ мерзімін ұсынады.

Білім, инновациялар және әлеуетті арттыру:

КМФ МҚҰ ЕҚДБ түпсаналы гендерлік қате түсінікті жою бойынша әзірлеген тамаша оқу бағдарламасын пайдалана алады. Бұл оқу бағдарламасын өту түпсаналы гендерлік қате түсініктерден арылуға, клиенттің ішкі әдістемелерін жетілдіруге, оны әйелдер басқаратын МШОК қажеттіліктерін қанағаттандыруға жақсырақ дайындауға мүмкіндік береді

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

2019 жылғы редакциядағы Экологиялық және әлеуметтік саясатқа сәйкес, Жоба ҚД санатына жатқызылған. КМФ МҚҰ ЕҚДБ-ның қазіргі уақыттағы клиенті болып табылады және одан әрі қарай ЕҚДБ-ның жобаларды іске асыруға қойылатын №2, 4 және 9 талаптарын, ЕҚДБ-да корпоративтік кредиттер мен ШОК-тарға арналған кредиттерге қатысты экоәлеуметтік тәуекелдерді басқару нормативтерін сақтайды, Банкке өзінің жылдық экоәлеуметтік есептілігін ұсынып отырады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасының шеңберінде ЕҚДБ клиенті бола отырып, КМФ МҚҰ Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасының шеңберінде ТЫ желісі бойынша көрсетілетін қолдауды пайдалануын жалғастырады, бұл қолдау негізінен сатудың цифрлық арналарын одан әрі дамытуға бағытталады. ТЫ-ға өзара байланысты екі құрамдас кіретін болады: i) қатысушы қаржы ұйымдары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі қаржыландыратын және Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасын іске асыру үшін қажет кадрлар дайындау және Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту II бағдарламасын ілгерілетуге және ұйымдастыруға ықпал ететін бірқатар сектораралық іс-шаралар өткізу, сонымен қатар ii) әйелдер басқаратын МШОК-тардың ноу-хауға қолжетімділігі (шағын бизнесті консультациялық сүйемелдеу).

Несиенің ЖЭӨ-құрамдасын іске асыру ТЫ топтамасымен күшейтіледі (ЕҚДБ ААҚ және Климаттық инвестициялық қор (КИҚ) қаржыландырады). Тапсырманың негізгі мақсаты ЖЭӨ талаптарына жауап беретін инвестицияларды олардың ЖЭӨ критерийлеріне сәйкес болуы үшін бағалау және олар туралы есеп беруде болып табылады.

Компаниядағы байланысатын тұлға

Елена Скуфалариди

elena.skufa@kmf.kz

+7 (727) 331-74-74

www.kmf.kz

«КМФ» МҚҰ. Назарбаев д-лы, 50. Алматы 050004 Қазақстан Республикасы

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

17 наурыз 2023 жыл

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат [мына жерде](#) қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты [ЕҚДБ сатып алулары](#) сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды [ЕҚДБ сұраныстар нысанын](#) пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

[ЭЭС](#) және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді⁷ ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат [ЭЭС](#)-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КЭББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КЭББ шешуші рөл атқарады.

КЭББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді.

Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КЭББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін [Ақпаратқа қолжетімділік саясаты](#) парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты [ЕҚДБ сұраныстар нысанының](#) көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

[Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын](#) және осы жобаға жататын

[Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің

орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау [Сұранысын тапсыру](#) туралы көбірек мәлімет білу үшін [Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына](#) кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.